08.12..2023ж. Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбаары Аманова Ж.К ұйымдастыруымен жаңадан қабылданған 1 курс студенттердің ата-аналарын «Бір тұтас білім бағдарламасы» және колледждің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру мақсатында жалпы колледжішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.



«Студентке қабылдау -2023» салтанатты іс-шара өткізілді.



Ұйымшылдыққа, береке-бірлікке, достарына қамқор болуға мейірімділік танытуға тәрбиелеу.



«Ахмет Байтұрсынов – тіл туының тұғыры» атты Тілдер мерекесіне арналған апталықтың жоспарына сай Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Н. Шотанованың ұйымдастыруымен 1 курс студенттерімен "Білімділер" сайысы өткізілді.



Білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау, және ұлттық ойынды дәріптеу мақсатында «АСЫҚ-АТУ» ЧЕЛЛЕНДЖІ ұйымдастырылды.



25- қазан Республика күні мерекесіне орай «Мемлекеттің болашағы қазақ тілінде» бірыңғай эссе.



15.12.2023.

«Тәуелсіздік –тұғырым» салтанатты лездеме, тақырыптық топ сағаты өткізілді.



Абай облысының білім басқармасының жылдық жоспарына сай Халықаралық волонтерлер күні қарсаңында Абай облысының волонтерлеріне арналған «**Кең жүрекпен**» ерікті жастар форумы.



2023 жылдың 13 желтоқсан күні сағат 12.00-де «**Тоғыз айға 9 іс-шара**» республикалық челленджінің аясында Семей Көлік колледжінің студенттері арасында «Болашаққа хат» тақырыбында шығарма байқауы өтті.



2022 жылдан бастап тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан "**Буккроссинг**" акциясы жалғасуда.



«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында кітапханада «Кітапхана – табыс мекені» атты акция ұйымдастырылды. Акцияға жаңадан қабылданған студенттер қатысты.



Семей қаласының Затон полиция бөлімінің полиция қызметкерлері колледж студенттеріне "Көліктегі қауіпсіздік" «Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында заңды өкілдерінсіз жүруі, тұрғын үйден тыс жерде болуы», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс өткізді.



Республикалық Дублер күніне орай өткізілетін «Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын ұйымдастыру және колледжде Көшбасшылық Мектепті жүргізу» іс-тәжірибе алмасу.



«Қош келдің, жана жыл!» атты мерекелік іс-шара.



Ш. Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған «Өз тілің- бірлік үшін, өзге тілің- тірлік үшін!» атты Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекелік іс-шарасы.



«Семей» Медициналық колледжінде білім алушылар үшін құрылған "Жастар рухы" - төрайымы Алина Рустемқызы және "Студенттік парламент"- президенті Қапорова Нұрай «ТВК-6» телеарнасының "Атқан таңға ақ тілек" бағдарламасына қонаққа шақырылды.



Колледжда Біртұтас тәрбие аясында оқытушылар мен білім алушыларға «Отбасы хрестоматиясы» семинары өтті.



Студентер Парламентінің президенті Қапорова Нұрай мен жетекшісі Құрбанов Д.Е. ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие» аясында «ДосболLIKE» челленджі өтті.



«Ұлттық сезім» жобасы аясында, ұлттық мәдениетімізді насихаттай отырып, ұлттық бірегейлікті жандандыру мақсатында колледж оқытушылары мен білім алушылары да өз үлестерін қосып ат салысуда.



«Үздік куратор-2024» байқауы өтті.



13.02.2024ж 2 курс, 2 леч А топ білім алушылары; Өкешов Рахат, Қапорова Нұрай, Меиржанқызы Баян, «Геологиялық - барлау колледжі» ұйымдастырған «**Sanali Urpaq**» студенттік клубтарының облыстық жылдық қорытынды жиналысына қатысып сертификаттармен марапатталды.



2024 жылғы 14 ақпанда «Оқуға құштар колледж» жобасын іске асыру аясында колледж кітапханашысы Мусина С.В. Халықаралық кітап сыйлау күніне «**Мұқтаждарға кітап сыйлау**» акциясын өткізді.



Алматы қаласында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы кеңейтілген кеңесте берілген Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру мақсатында ағымдағы жылдың 23 ақпанында сағат 11:00 колледжде төтенше жағдайларға жауапты Қ.Т.

Жакупжанов жалпы қалалық сейсмикалық жаттығуларды (жер сілкінісі кезіндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар, эвакуациялауды ұйымдастыру, дабыл чемоданын жинақтау және т.б) ұйымдастырып, дәріс оқып, жиналыс өткізді.



Колледж студенттерінен құралған «Студенттік Парламент» пен «Жастар рухы» ұйымының еріктілері «Біртұтас тәрбие» аясында «Жылы жүрек» акциясын қаламыздың орталық базарында далада сауда жасап отырған азаматтар мен азаматшаларға ыстық тамақ пен ыстық шай таратып, баталарын алды.



29.04.2024ж Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бастасова М.М. мен шет тілі пәнінің оқытушысы Құрбанов Д.Е. және «Студенттік Парламент» ұйымы студенттерінің ұйымдастыруымен кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді.



1 наурыз – Алғыс айту күніне орай, колледж басшысын, колледж әкімшілігін, оқытушыларын, студенттерін, қызметкерлерін «Студенттік Парламент», «Жастар Рухы» ұйымдары құттықтап, алғыстарын білдірді. Тәттілерін тарата отырып, қызықты ойындарын да ойната білді. Алғыс айтумен бір-бірлеріне жылулық пен жақсы көңіл-күй сыйлады.



05.03.2024 жыл Дін Мәселесін Зерттейтін Орталықтың маманы Мақсат мырза келіп, діни экстремизм және терроризм тақырыпта дәріс өткізді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Министрлік психологиялық қолдау орталықтарын дамыту арқылы педагог-психологтардың жұмысын жандандыру бойынша жұмыс жүргізуде.



14 наурыз- «Көрісу күні-Амал мерекесі», яғни осы күннен бастап елімізде Наурыз мейрамын тойлау онкүндігі бастау алды.



«Наурыз – жыл басы» атты челлендж бойынша құттықтау жалғасты.



18.03.2024ж «Біртұтас тәрбие» аясында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» мақсатында «Бауырсақ Party» байқауы өтті.



18.03.2024ж Ұлттық киім күніне арналды. Ұлттық киім-ұлттың сәні. Колледжде колледж қызметкері, білім алушылар мен оқытушылар заманауи стильдегі ұлттық костюмдер киіп, мерекені жаңа форматта атап өтіп жатыр.




«Колледж аруы – 2024» байқауы өтті.



Колледж аруы- 2024

1-2 курс білім алушылары 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай, «Бірлік, Жасампаздық», 1 мамыр – Бірлік пен Татулық мерекесі», «Достықпен өзара түсіністік» тақырыбында эссе жазды.



8.Колледждің психологиялық қызметі.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айынан бастап колледж білім алушыларына бақылау жұмысы жүргізілді. Қыркүйек - қазан айларында 1 курс студенттерінің бейімделуіне байланысты сауалнама алынды.Бұл сауалнама арқылы колледж студенттерінің қалай бейімделгендігін анықтауға

болады. Мақсаты: студенттердің колледжде оқуға әлеуметтік-психологиялық климат орнату, студенттердің бір-бірімен танысу.

Қазан айында колледж студенттерімен темперамент типін анықтауға байланысты Айзенк тесті алынды (электронды нұсқада). Жүргізілген тесттердің қорытындысы бойынша білім алушыларға мінездемелер дайындалып, қажетінше колледж студенттеріне, топ кураторларына және ата-аналарына тиісті кеңестер берілді.

2023-2024 оқу жылында буллинг жағдайына байланысты, әсте "Семей" медициналық колледжі" мекемесінде болмады, суицид және оның профилактикасы, күш көрсету немесе буллинге байданысты қаңтар айында 2023 жылы «Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың, бопсалау мен қорлаудың алдын алу» тақырыбында анкета алынды.

2024 жылдың ақпан айында кибербуллинктің алдын алу мақсатында колледж психологы мен топ кураторларымен ағарту жұмысы жүргізілді. Қазіргі жастарға әсер ету үшін олар интернеттегі манипуляцияның соңғы технологияларын пайдаланады, яғни «куратордың» тапсырмаларын орындау арқылы қандай жолдарға баратынын көруге болады.

Әлеуметтік желілерде тренд болып жатқан дүниелердің торына түспеу үшін жасөспірімдердің ойнайтын қауіпті ойындары, мысалы «Беги или умри», «Синий кит». Осыған орай, 2024 ж наурыз айында колледж кураторларымен, оқытушыларымен, ата-аналармен тәрбие сғатын, әңгімелесу, ата-аналар жиналысын, анкеталар алынды.

2024 ж сәуір айында студенттер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Жастар арасындағы суицид», «Өмір мәні жоғалғанда», «Буллинг.Кибербуллинг», ойындар, «Коммуникация өнері» мотивациялық тренингі, видеофильмдер мен буклеттер таратылды.

«Тәуекел тобының» студенттерімен және олардың ата-аналарымен нақты даму сферасын өзгерту, әлеуметтік-педагогикалық саладағы бейімделмеу мақсатында жеке әңгімелер өткізілді. Ата-аналар мен балалар арасында қолайлы психологиялық ахуал тұрғызылды. 1-4 курс студенттер арасында суицидтің алдын алу мақсатында «Жастар арасындағы суицид», «Өмір мәнін жоғалтқанда» тақырыбында сыныптық сағаттар жүргізілді. (Дж.Морено методикасындағы Социометриялық талдау, «СР-45» тесті, «ФСР-26», Ч.Д.Спилберг және Ю.Л.Ханниндердің мазасыздық деңгейін диагностикалауы, Шмишектің мінез акцентуациясы, стресс деңгейі туралы тесттер). Депрессиялық көңіл-күйге бейім студенттердің тізімі, «тәуекел тобы» құрастырылды. Жеке жұмыстар, тренингтер мен ата-аналарға кеңестер жүргізілді.

2024ж наурыз айында Колледждегі оқу үдерісінің қанағаттану дәрежесін бағалау және сапасын арттыру мақсатында мүдделі тараптар (студенттер, түлектер, ата-аналар, жұмыс берушілер) арасында сауалнама жүргізілді. студенттердің қанағаттануын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады: оқыту жағдайларына қанағаттану көрсеткіші, оқыту сапасына қанағаттану көрсеткіші, оқыту нәтижелеріне қанағаттану көрсеткіші.

9.Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Кітапхана қоры оқу орнының бейініне және оқырмандардың ақпараттық қажеттіліктеріне сәйкес қалыптастырылады. "Семей" медициналық колледжінің студенттері мен оқытушыларының қызметтеріне кітап қорының мазмұнын көрсететін анықтамалық-ізвестіру аппараты ұсынылған. Кітапхана жұмысы туралы есеп Кітапхананың жалпы қоры

Жалпы кітапхана қоры	28032
Қазақ тілінде	10431
Орыс тілінде	17144
Басқа	457
Оқырмандар	935
Кітапханаға келген оқырман саны	7110
Жыл ішіндегі кітап беру	11090

I. Кітапхана туралы жалпы мағлұмат

Жол саны	Кітапхана атауы	Топ	Кітапхананың жалпы ауданы	Кітап сақтау алаанының жалпы ауданы	Оқу залындағы орындар саны	Оқулық беру орындарының саны
-	Кітапхана	-	98	48	26	1

II. Кітапхана және кітап қоры

Көрсеткіштің атауы	Жол саны	Барлығы	Оның ішінде					
			Оқулықтар			Өзге оқулықтар		
			қаз	орыс	қаз	орыс	Басқа	
Оқу жылында келіп түскен оқулық саны	02	596	440	156	0	0		
Есептен шығарылған оқулық саны	03	0	-	-	0	0		
01.09.2023 ж. тұрады	04	28032	9880	17110	455	587		
Оның ішіндегі мерзімді басылымдар			Газеттер			Журналдар		
			Қаз	Орыс	Басқа	Қаз	Орыс	Басқа
Дана саны	05				-	-	-	-
Атауы	06				-	-	-	-
Жыл бойғы кітап берілім саны	07	11090	-	-	-	-	-	-
Айырбастау қоры	08	-	-	-	-	-	-	-

IV. МБА

	Оқырман билеті бойынша барлық оқырмандар	Оның ішінде студенттер	Талқыланған барлық құрылымдық бөлімшелер	Жыл бойғы оқырман саны	МБА абоненттері	Берілген әдебиеттер	Келіп түскен әдебиеттер
09	266	851	-	7110	-	-	-

V. Ақпараттық-библиографиялық жұмыс

Шифр саны	Анықтама		Тақырып		Абоненттер		Ақпарат күні	Кітапханалық-библиографиялық сабақ	
	барлығы	олардан	ИРИ	ДОР	ИРИ	ДОР		сағат	оқырмандар

		ауызша	жазбаша							
10	433	405	28	2	1	3	1	3	2	70

VII. Салыстырмалы көрсеткіштер

Шифр саны	Кітапханашы саны	Олардың білім деңгейі			Кітапханалық жұмыс өтілі 3 жылға дейін	Айналым	Қатысқандар	Оқырмандар	Оқулықпен қамтылғандар
		Барлығы	Жоғарғы білімді кітапханашы	Орта білімді кітапханашы					
11	1	1	1	-		1,10	9	21,48	28,47

Кітапхана жұмысын ұйымдастыру

№ п/п	Жұмыстың мазмұны	Орындалу уақыты	Жауапты
I	Кітап қорын толықтыру		
	- Баспалардың прайс-парақтарымен жұмыс	Үнемі	Кітапханашы
	- прайс-парақтарды пысықтауды және әдебиетке тапсырыстарды ресімдеуді үйлестіру.	Үнемі	Кітапханашы
	- "Кітаппен қамтамасыз ету картотекасында" жаңа әдебиеттің түсуін уақтылы көрсету	Үнемі	Кітапханашы
	- Кітаппен қамтамасыз ету деректерін компьютерге енгізу.	Аптасына 1 рет	Кітапханашы
	Қазақстан Республикасы мен РФ мерзімді басылымдарының каталогтарымен жұмыс, тапсырыстарды рәсімдеу.	Қазан, мамыр	Кітапханашы
	Мерзімді басылымдар Оның ішінде қазақ тілінде	0	
II	Кітап қорын пайдалану және қозғалысы		
	01.09.2024ж құралған	28032	
	Оның ішінде қазақша	10431	
	орысша	17144	
	Өзге әдебиеттер саны	457	
	"Жиынтық есеп кітабында", инвентарлық кітаптарда, кітапшаларды есепке алу дәптерінде жаңа түсімдердің есебін жүргізу.	Келіп түскен әдебиеттер	Кітапханашы
Басқа есеп құжаттарын жүргізу: - Оқырмандардың орнына қабылданған кітаптарды есепке алу дәптері.	Жыл бойғы	Кітапханашы	

	Қормен жұмыс: -Жаңа түсімдерді техникалық өңдеу.	Түсуіне қарай	Кітапханашы
	Қордың редакциясы: жаңа бөлімшелерді бөлу, рәсімдеу, орналастыру.	Жыл бойғы	Кітапханашы
	Оқырмандар жоғалтқан және жоғалғандардың орнына қабылданған әдебиеттерді есептен шығару актілерін ресімдеу	Жинақталуын а қарай	Кітапханашы
	Әдебиеттерді есептен шығару бойынша жүйелі, алфавиттік, қызметтік каталогтардың редакциясы	Үнемі	Кітапханашы
III	Оқырмандар		Кітапханашы
	Барлық кітап берілім саны:	7110	
	Оның ішінде оқулықтар	5735	
	басқалар	1335	
	Оқырман саны	851	
IV	Ақпараттық-библиографиялық аппарат		
	Каталогтар:		
	<p><u>1.Жүйелік каталог (қаз.және орыс. тілдер):</u> - "бұқаралық кітапханаларға арналған ББК кестелеріне"сәйкес жүргізу; - шетел тілдеріндегі әдебиеттерді көрсететін карточкалар СК бөлімдерінің соңында орыс тілінде орналастырылсын; - карточкалардың жинақталуына қарай жаңа тақырыптық бөлімдерді бөлсін.</p> <p><u>2.Алфавиттік каталог (қаз. және орыс. тілдер)</u> - - негізгі әріптік бөлгішке қосымша бөлгіштерді енгізу (буындар, тұлғалар).</p> <p><u>3.Қызметтік каталог.</u> - ағымдағы жұмыс.</p> <p><u>4.Каталогтар редакциясы:</u> - жаңа айдарларды енгізу; - каталогтардан есептен шығарылған әдебиетке карточкаларды алып қою;</p>	Қараша, желтоқсан	Кітапханашы

Р/с	Негізгі бағыттар	Іс-шара тақырыбы	Түрі және әдісі	Өтетін орыны	Мерзімі	Жауапты
1	«Оқуға құштар колледжі» жобасы аясында	Кітапханамен танысу	Ашық есік	Кітапхана	Қыркүйек	Кітапханашы
2		«Оқы, сыйла, жалғастыр» кітапханаға кітап сыйлау науқаны	Акция		Қыркүйек	

3		«Өзім оқып шықтым, саған оқуға кеңес беремін»	Библио-кросс		Қыркүйек	
4		«Кітап достарын іздейді»	Буккроссинг		Үнемі	
5		«Біз- оқуға құштар буынбыз»	Тұрақты негізде валантерлық қозғалыс		Қыркүйек	
6		24 қазан – Кітапханашы күнін мерекелеу аясында «Кітапханашы – демек креативті»	Кітапханада өзін-өзі басқару күні		Қазан	
7		«Рәміздерім мақтанышым»	Кітапханалық көрме		Қазан	
8		«Қазақстанның салт-дәстүрлері кітап дерек көздерінде»	Кітап көрмесі		Қазан	
9		«Біз Абайды білеміз, оқимыз, бағалаймыз»	Әдеби аукцион		Қазан	
10		«Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы Теңгенің (1993) алғашқы қолданысқа енгеніне 30 жыл»	Көрме, шығармашылық шолу		Қараша	
11		«Топтың үздік оқырманы»	Конкурс		Қараша	
12		Жазушы драматург Қалижан Бекхожиннің туғанына 80 жыл	Ауызша журнал		Қараша	
13		«Менің өмірімді өзгерткен кітап»	Эссе конкурсы		Қараша	
14		«Отан тарихы әдебиеттерде»	Оқырман конференциясы		Желтоқсан	
15		«Не? Қайда? Қашан?»	Әдеби ойын		Желтоқсан	
18		«Менің үйдегі кітапханам»	Бейнероликте р конкурсы		Желтоқсан	
19		«Адамдар оруды тастаған кезде ойлаудан қалады»	Кітапханалық квист		Желтоқсан	

20		«Менің үйімдегі кітап»	Конкурс		Қаңтар	
21		«20...жылы оқыған ең қызықты кітап»	Бук - слэм		Қаңтар	
22		«Мақтан тұтар ұлы тұлға – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев	Кітапханалық көрме		Қаңтар	
23		«Кітаптар желісімен түсірілген көркем фильмдер»	Дәстүрлі кітап көрмесі		Қаңтар	
24		Халықаралық кітап сыйлау күні аясында «Мұқтаждарға кітап сыйла» 14 ақпан	Акция		Ақпан	
25		«Ең оқуға құштар топ»	Конкурс		Ақпан	
26		«Оқуға құштар колледж»	Кітап челлендж		Ақпан	
27		«Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу	Оқу сағаты		Ақпан	
28		«Тәлімгер не оқиды?»	Акция		Наурыз	
29		«Сиынар ем ана деген тәңірге»	Кітап көрмесі		Наурыз	
30		«Әдеби киіпкерлер мен бірге саяхаттаймыз»	Дәстүрлі кітап көрмесі		Наурыз	
31		«Кітапты бірге оқимыз..»	Библио-крос		Сәуір	
32		«Ақындар жырлаған туған өлке»	Әдеби қонақ үй		Сәуір	
33		«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» Тоқтар Әубәкіров туралы Мәліметтер	Кітап көрмесі		Сәуір	
34		«Менің сүйікті кітабым»	Акция		Мамыр	
35		9-жеңіс күніне орай «Бейбіт күн жасасын әлемде»	Кітапханалық кітап көрмесі		Мамыр	
36		«Бізді кітап табыстырды»	Фотоконкурс		Мамыр	
37		«Оқуға құштар адам – табысты адам»	Кітапхана квилті		Мамыр	

Колледж кітапханасының негізгі міндеттері:

Колледждің медициналық-педагогикалық құрамына және білім алушыларға кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету;

Кітапхана қорын колледж бейініне сәйкес жинақтау;

Оқырмандардың ақпараттық қажеттіліктерін анықтау және дамыту;

Білім алушылардың ақпараттық мәдениетін тәрбиелеу: кітапты, кітапхананы, оқытудың басқа да құралдарын пайдалана білу, ақпаратты өз бетінше іздеу және іріктеу дағдыларын қалыптастыру;

Кітапхана қызметтерінің ассортиментін кеңейту;

Ең белсенді студенттер қатарынан оқырман активін қалыптастыру;

Мәдени-тәрбие іс-шараларын жүргізуде медициналық-педагогикалық персоналға көмек көрсету.

Қазіргі уақытта колледж кітапханасында электронды түрде оқу және кәсіби әдебиеттер бар. Мұндай кітаптар мен мерзімді басылымдардың санын арттыру бойынша үнемі жұмыс жүргізілуде. Кітаптар мен журналдарды электронды түрде колледж студенттері мен қызметкерлері компьютерлік техникамен жабдықталған оқу залында оқи алады.

Кітапханада абонемент, 26 орындық оқу залы, Internet желісіне қосылған локальдық желі бар. Оқырмандарға кітап көрмелері ұсынылады, мерзімді басылымдар үлкен көлемде ұсынылады. Кітапханада принтер мен ксерокс бар.

Оқу залында белгілі бір атаулы күндерге, көрнекті оқиғаларға, біздің оқытушыларымыздың еңбектеріне арналған көрмелер үнемі өткізіліп тұрады.

Кітапхана Оқырмандарды жаңа түскен кітаптар туралы ақпараттандырады: арнайы стендтер ұйымдастырылып, оларға жаңа кітаптардың үлгілері қойылады ("Ақпарат күндері").

Кітапханада барлық мамандықтар бойынша мерзімді басылымдар, оқытушылар мен қызметкерлерге арналған оқу-әдістемелік әдебиеттер бар.

10. Қорытынды, Ұсыныстар.

«Семей» Медициналық колледжі" мекемесі ҚР Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың, ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттеріне, МЖМБС талаптарына, колледждің 2023-2026 оқу жылдарына арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес келеді. Колледждің менеджмент жүйесі тұтынушылардың және барлық мүдделі тараптардың қанағаттанушылығына бағдарланған, барлық құрылымдық бөлімшелерде үздіксіз инновациялық дамуға, талдауға, түзетуге және жақсартуға ықпал етеді. Колледж өз қызметін жетілдіруді жұмыстың нақты жай-күйін және оның нәтижелерін мерзімді талдаусыз көрмейді. Осы талдаудың нәтижелеріне сүйене отырып, қызметті жақсарту бойынша одан әрі қадамдар белгіленіп, іске асырылды.

Стратегияны жоспарлай отырып, колледж ұжымы қол жеткізілген нәтижелерге қанағаттануға болмайтынын, алда жұмыс істеу керектігін түсінеді. Басты міндет - Қазақстанның ТжКБ медициналық ұйымдары арасында алдыңғы қатарды сақтау, даму серпінін, білім беру қызметтері нарығында Колледждің бәсекеге қабілеттілігін және барлық мүдделі тараптардың қанағаттануын қамтамасыз ету. Біз өз жұмысымызды жетілдіруге, инновациялық зияткерлік, ақпараттық, материалдық және қаржылық ресурстарды барынша толық және тиімді пайдалануға қол жеткізуге дайынбыз.

Бұл ретте колледж басшылығы сапа саласындағы миссияны, саясатты және мақсаттарды іске асыруда көшбасшы бола отырып, төмендегілерге міндеттенеді::

1. Өз қызметкерлерін қолдау және қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
2. Колледждің инновациялық дамуының негізі ретінде колледждің білім беру қызметі сапасының нәтижелілігін үнемі арттыру.

Білім беру ұйымының ағымдағы жағдайы.

31.08.2023 жылғы Стратегиялық даму бағдарламасының іске асырылуын талдау белгіленген міндеттер мен іс-шаралардың орындалуын көрсетті. Осылайша, 2023-2024 оқу жылдың соңына қарай келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Колледждегі оқу үдерісінің нәтижелілігін бағалаудың басты көрсеткіштерінің бірі – «**Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ**» өткізген кәсіптік даярлық деңгейін бағалау бойынша 2023-2024 оқу жылында аяқтаған 284 бітіруші 90% білім көрсеткішін көрсетті.
2. 2023-2024 оқу жылында 16 оқытушы, сабақ беретін пәндері бойынша оқу-әдістемелік құралдар шығарды. (Семей, ЖШС «Семей Коркем» баспасы).

3. Арнайы пән оқытушылары республикалық және облыстық ашық сабақтар өткізді.
 4. Worldskills ABAI -2024 аймақтық кәсіби шеберлік конкурсына колледж атынан қатысқан 3 мс А тобының студенті Ерғали Анела Дауренқызы 3 орынды иеленді.
 5. 2023-2024 оқу жылында оқытушылар және білім алушылар қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық конференция, олимпиада, дөңгелек үстелдерге қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап кететін республикалық деңгейде 210 білім алушы қатысы.
 6. Колледждің 5 оқытушысы жаңа форматтағы педагогтардың аттестациясынан өтіп, 4 оқытушы «модератор» біліктілік санатын, 1 оқытушы «эксперт» біліктілік санатын алды.
 7. Колледж оқу материалдарын, платформадағы электрондық журналды, платформаның сандық контентін жүктеу үшін, аралық бақылау, аралық аттестаттау жүргізу үшін, тест тапсырмаларының банкіні толтыру қолдану үшін SmartNation білім беру платформасына қосылдық.
 - 8.. Колледждің 13 оқытушысы «Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы» ЖШС , 1 оқытушы « Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығында біліктіліктің көтеру курсынан өтті.
 9. Жұмысқа орналасқан студенттердің үлесі-90%;
 10. Колледжде оқитын студенттердің жалпы санынан қоғамдық-пайдалы қызметке тартылған колледжде оқитындардың үлесі-70%.
 11. Мемлекеттік тапсырыс есебінен оқитындар санынан аурухана базасында практикадан өту үшін орындармен қамтамасыз етілген білім алушылардың үлесі-100%;
- Жалпы, 2023-26 жылдарға арналған Стратегиялық даму бағдарламасының орындалуының оң динамикасын көруге болады. Дегенмен, колледж мақсатқа жетпеген немесе маңызды емес көрсеткіштерге жеткен көрсеткіштер бар:
- Электрондық іс жүргізу және құжат айналымы енгізілмеген;
 - Республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда ғылыми жарияланымдары бар оқытушылар үлесінің төмендігі;
 - Үш тілді интерактивті оқыту ресурстары құрылмаған;
 - Облыстық немесе республикалық деңгейде тәжірибе жинақтаған оқытушылар жоқ;
 - Көптілділікті енгізудің жеткіліксіз деңгейі.

2. КОЛЛЕДЖ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

«Семей» медициналық колледжі» мекемесі Абай облысының атаулы білім мекемелерінің бірі. Колледж қала мен аймақ емдеу мекемелерін орта медициналық білімі бар жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда іштей оқыту түрінде, Абай облысы Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі басқарма басшысының бұйрығы 06.04.2023 № 201 мемлекеттік лицензиясы негізінде 2 мамандық бойынша даярлау жүргізіледі: 09120100 – «Емдеу ісі», біліктілігі 4S09120101 – «Фельдшер» және 09130100 – «Мейіргер ісі», біліктілігі 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер ісі». Қазіргі таңда орта, техникалық және кәсіптік білім беру орындарының мамандықтар классификаторы 21 қаңтар 2021 жылы №28 бұйрығына сәйкес 09120100 «Емдеу ісі», 09130100 «Мейіргер ісі» болып өзгертілді.

2016 жылы мекеме мемлекеттік аттестаттаудан өтіп, техникалық және кәсіптік білім беру қызметінде жұмыс жасауға құқықты екенін растады.

Колледждің білім беру қызметі жылдарында техникалық және кәсіптік білімі бар, 3957 аса білікті мамандар даярланып, бітірді.

Колледж жетекшілігі әр түрлі деңгейде әлеуметтік серіктестіктермен өзара әрекеттесуді жүргізеді. Олар мемлекеттің стратегиялық жұмысының орындалу сондай-ақ Қазақстан Республикасының және аймақтың денсаулық сақтау мен білімнің дамуы мен күшейтуді орындау мақсатында түрлі масштабтағы іс-шараларға бірлесіп қатысады. Колледж әкімшілігі жұмыс берушілермен, медициналық ұйымдар және бітірушілермен өзара байланыс стратегияларын құрады және күшейтеді.

Колледжде әлеуметтік мәнде облыстық, қалалық құрылымдармен әрекеттесетін (жастар саясаты жөніндегі комитет, қалалық дене шынықтыру және спорт, жастар бастамасын дамыту орталығы, конфессионалды аралық қатынастар орталығы, салауатты өмір сүру салты, жедел шұғыл медициналық көмек станциясы, полициялардың көмекшісімен және т.б.), белсенді өмір позициясы бар студент кеңесі қызмет етеді.

Тәжірибе алмасу мақсатымен, сондай-ақ ұлтаралық және іскерлік қатынасты күшейту мақсатында колледж «Омск мемлекеттік медициналық университеті» ФГБОУВО негізіндегі «Омск мемлекеттік медициналық колледжімен» қызметтеседі.

Техникалық және кәсіптік білім беру сапасын қамтамасыз ету, түбегейлігіне және тұлғаның дербес қажеттіліктері негізінде колледждің даму стратегиясы бағытының бірі болып табылады.

Колледж мемлекеттік емес білім беру ұйымы "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы және ҚР-ның Оқу-ағарту министрлігінің 03.08.2022 ж. №348 бұйрығына және медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы ҚР-ның Денсаулық сақтау министрінің 09.01.2023 жылғы №4 бұйрығы негізінде қызмет етеді.

Үлгілік оқу жоспары барлық мамандықтар бойынша бар. Солардың негізінде, колледждің директоры бекіткен, мамандықтардың оқу жұмысының жоспары құрастырылған.

Колледждің оқу кестесі ішкі тәртіп Ережесі және Жарлықпен анықталады. Оқу жылы оқу үрдісінің кестесіне кестесіне сәйкес басталып, аяқталады. Сабақтың басталуы 8:30. Барлық дәрісхана сабақтарының түрлері үшін академиялық сағат ұзақтығы 45 минут болып белгіленеді. Білім алушының тамақтану мен белсенді демалысы үшін ұзақтығы 15 минуттан кем емес уақыт қарастырылады. Білім алушылардың апталық оқу сабақтары аптасына міндетті түрде, қосымша сабақтар, факультатив және кеңестердің оқу сағатын санамағанда, 36 сағаттан кем болмауы керек.

Білім алушылар үшін демалыс оқу жылына 2 рет, оның ішінде кем дегенде екі апта қысқы уақыт аралығында белгіленеді.

Оқу үрдісін орындау шарттары:

- Оқу сабақтары екі ауысымда жүргізіледі: 8-30 18-30 дейін.
- Әрбір сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

- Түскі үзіліс уақыт ұзақтығы 15 минуттан кем емес.
- 1 студентке оқу жүктемесі – аптасына 36 сағаттан кем емес.

Колледждегі оқу үрдісіне теориялық оқыту, лабораториялық-тәжірибелік сабақтар, өндірістік оқытулар, кәсіптік тәжірибелер, сыныптан тыс жұмыстар және білім алушылармен іс-шаралар жүргізуден тұрады.

Қосымша кесте бойынша бекітілген сыныптан тыс сабақтары (сынып сағаттары, пән бойынша үйірмелер, факультативтер, спорттық секциялар) өткізіледі.

Мамандық бойынша жұмыс бағдарламаларын оындау сабақ кестесі және күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша жүзеге асырылады. Сабақ кестесі 20.10.1999 ж. № 103/04/07/2600 «Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің Нұсқаулық хаты» негізінде әрбір семестрге құрастырылып, колледж директорымен бекітіледі. Сабақ кестесінің қадағалануы, педагогикалық жүктеменің орындалуы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен, бөлім меңгерушілерімен, сабақ кестесі бойынша диспетчермен қадағаланады. Сабақ кестесінде қарастырылған, оқу сабақтарын алмастыру, сабақтарды алмастыру журналына (оқытушы науқастанған жағдайда, іс-сапарға кеткенде және т.б.) тіркелінеді.

Пәндер бойынша қосымша сабақтарға, ҚДБМДБ кеңестері бойынша дайындық, аттестаттауды өткізу ӘБК отырысында құрастырылып, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітіледі. Теориялық оқыту жоспары бойынша негізгі құжаттар болып, тақырыптық-күнтізбелік жоспар және оқу жоспарлары болып есептелінеді. Тақырыптық-күнтізбелік жоспар оқытушылармен жұмыс бағдарламаларымен сәйкес құрастырылып, ӘБК отырыстарында қарастырылады және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітіледі. Оқу сабақтарының өткізілу сапасы бөлім меңгерушілерімен, әдіскермен, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бақыланады.

Бақылау жүйесіне ай сайынғы аттестаттау, жалпы пәндер бірлестігі бойынша бірінші курс білім алушыларына алғашқы бақылау, өз уақытымен сабақтарды босату және білім алушылардың оқу үлгерімін игермеуіне, міндетті бақылау жұмыстарына, оқу үрдісінің кестесіне және емтихандар кестесіне сәйкес сынақ және емтихан түріндегі аралық аттесттауға, қорытынды аттестаттауға бейімділігін анықтау арқылы назарға алу. Білімнің аралық аттестаттау, атестациялау және ағымдағы бақылау түрі, тәртібі оқу жұмысының жоспарына және бағдарламалары негізінде анықталып, өңделеді. Білім бақылауының нәтижесі теориялық және тәжірибелік оқыту журналдарында көрсетілген.

Үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды бақылау ҚР Білім және ғылым министрінің 18.03.2008 №125 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды бақылау жүргізудің үлгі ережесіне, «24.11.2017ж. педагогикалық кеңесте бекітілген білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды бақылау өткізу туралы ережеге» сәйкес жүргізіледі.

Бағалау жүйесі МЖМБС талаптарына сәйкес мамандық бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне (пәндер мен кәсіптік тәжірибе циклері бойынша) сәйкес жүргізіледі.

Білім алушылардың оқу қызметін бағалау критерийлерінің негізіне дәстүрлі 5 балдық баға қойылған. Емтихан материалдарын пән оқытушылары әзірлейді, ол ӘБК отырыстарында қаралады және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бекітіледі. Емтихан сессиясы кезеңінде колледж директоры бекітетін емтихандар мен кеңес берулер кестесі жасалады.

Білім алушылардың білімін бағалау жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар: теориялық және тәжірибелік оқыту журналдары, сынақ, емтихан, топтар бойынша үлгерімнің жиынтық тізімдемесі, МАК хаттамалары болып табылады. Білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасы директор жанындағы кеңестерде, педагогикалық кеңестерде, ӘБК отырыстарында қадағаланады.

Оқудан шығару жөніндегі құжаттарды рәсімдеу (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығымен бекітілген «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау

ережелері», Колледж жарғысы, Ішкі тәртіп ережелері және т.б.) нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Колледждегі оқу үдерісінің нәтижелілігін бағалаудың басты көрсеткіштерінің бірі – «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КОМИТЕТІ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ» Республикалық Мемлекеттік Мекемесі» өткізетін кәсіби дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті беру болып табылады.

«Семей» медициналық колледжі» мекемесі белгіленген өкілеттілікті беру жүйесіне ие – ұйымдастыру, функционалдық және штаттық құрылым – алға қойылған міндеттер мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді, оқыту ортасын құрады және қолдайды. Колледж қызметі басшылықтың жұмысында, колледж қызметіне барлық қызметкерлердің қатысуы туралы шынайы мәліметтерді талдау негізінде қабылданған басқару шешімдерінде құрылады. Колледждің штаттық құрылымы бөлімдердің құрамын және колледждің лауазымдар тізімін анықтайды.

Өкімшілік-басқару ұжымы: директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директордың тәжірибелік оқыту ісі жөніндегі орынбасары, директордың шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары, кадрлар бөлімі, психолог, бас есепші, әдіскер, бөлім меңгерушілері, әдістемелік-бірлестік комиссиясының төрағалары.

Басқарма құрылымына колледж басшылығы (директор, директордың орынбасарлары) және колледждің құрылымдық бөлімдерінің басшылары (бөлім меңгерушілері және т.б.) кіреді. Штаттық құрылымға сәйкес, колледжді тікелей басқаруды дара басшылық ұстанымдарында әрекет ететін директор жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасымен және колледж жарғысымен анықталған өз құзыретіне сәйкес колледжді стратегиялық басқаруды жүзеге асырады.

Колледж қызметінің басым бағыттарын директор қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын директордың орынбасарлары үйлестіреді.

Колледждің негізгі құрылымдық бөлімшелері: колледж қызметінің белгілі бір салаларын басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелер болып табылады. Бөлімшелер белгілі бір қызметтер жиынтығын орындауға жауапты қызметкерлердің ресми топтары болып табылады. Олар қолда бар материалдық және қаржы қорларының дәріжесімен, санымен, көлемімен ерекшеленеді. Әрбір құрылымдық бөлімше қызметінің функциялары мен бағыттары тиісті ережелерде бекітілген. Бөлімшенің жұмысын тікелей басқаруды оның басшысы жүзеге асырады. Құрылымдық бөлімшенің басшысы директордың бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Колледжде бекітілген жылдық жоспарға сәйкес қызметін жүзеге асыратын Педагогикалық және Әдістемелік кеңестер, циклдық әдістемелік комиссиялар, жас оқытушылар мектебі, Топ жетекшілер кеңесі, Студенттік кеңес ұйымдары жұмыс істейді.

Педагогикалық кеңесте қабылданған барлық шешімдер мен ұсыныстарды орындау мерзімі мен баяндама орны хаттамамен рәсімделеді, содан кейін педагогикалық ұжымның назарына жеткізеді.

Оқу қызметін басқару аясында оқытушылар:

- жұмыс бағдарламалары (соның ішінде пәндердің оқу-әдістемелік кешендері);
- оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар әзірлейді.

Колледжді басқаруға оқытушылардың қатысуын растайтын құжаттар болып табылады:

- «Семей» медициналық колледжі» мекемесінің 2017 жылдың «25» қазанында бекітілген

Жарғысы;

- Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер;
- Лауазымдық нұсқаулықтар.

Колледжді басқаруға білім алушылардың қатысуы мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- студенттік кеңес, старостат жұмысы;

- оқу-тәрбие жұмысына қатысу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу (СҒЗЖ).

Жұмыс берушілердің қатысуы:

- педагогикалық, әдістемелік кеңес отырыстарында;
- емтихан материалдарын құрастыру және келісу;
- МҚА-да білімді бағалауда.

Колледжде басқару әдістерінің бірі – қызметкерлерді басқаруға тарту әдісі болып табылады, ол колледжде оқу орны қызметінің белгілі бір салалары бойынша шешім қабылдауға өкілетті алқалы басқару органдарын құруды көздейді. «Семей» Медициналық колледжі» мекемесінде мұндай органдар: Директор жанындағы кеңес, Әкімшілік жиналыс, Педагогикалық кеңес, Әдістемелік кеңес болып табылады. Алқалы басқару органдары колледждің білім беру жүйесін жоспарлауға, мониторинг жасауға және жетілдіруге қатысады. Осы мақсатта колледждің жұмыс регламентіне сәйкес тұрақты түрде отырыстар өткізіледі, онда колледж қызметінің әр түрлі бағыттары бойынша зерделенетін мәселелер қаралады, жақсартудың мүмкін жолдары талқыланады, үдерістерді жетілдіру бойынша шешімдер қабылданады, жауаптылар мен орындау мерзімдері белгіленеді. Барлық қабылданған шешімдер хаттамаланады.

Оқу-тәрбие үдерісін және оның бөлімшелерінің жұмысын жақсарту резервін іздеу, кемшіліктерді алдын алу, анықтау және жою жолымен колледж қызметін жетілдіруді бақылау мақсатында колледжішілік бақылау жүргізіледі. Бақылау бірыңғай жоспарлы және әдістемелік негізде жүзеге асырылады және құрылымдық бөлімшелердің, оқытушылар мен студенттердің қызметін қамтиды.

Өз жұмысында құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері колледждің ішкі тәртіп ережелерін, директордың бұйрықтарын басшылыққа алады.

Колледжде негізгі қызмет, кадрлардың жеке құрамы және студенттер бойынша бұйрықтар, алфавиттік кітап, студенттердің аты-жөні жазылған кітап жүргізіледі.

Колледж ақпарат алмасу, әлеуметтік серіктестермен және қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен (мерзімді басылымдар, инстаграмм, Интернет) ынтымақтастықта белсенді жұмыс жүргізеді.

3. Колледж лицензияның қосымшасына сәйкес 2 мамандық және 2 біліктілік бойынша даярлайды:

- 1) Мамандығы: 09120100 – «Емдеу ісі»
Біліктілігі: 4S09120101 – «Фельдшер»;
- 2) Мамандығы: 09130100 – «Мейірбике ісі»
Біліктілігі: 4S09130103 – «Жалпы тәжірибедегі мейіргер»

«Семей» медициналық колледж» мекемесі бүгін еліміздің адами капиталын дамытуға жағдай жасау үшін және өңірдің білім беру бағдарламаларының базалық денсаулық сақтау кадрларын даярлау негізінде интеграцияланған үлгі енгізу арқылы, құзыретті тәсіл және кәсіби стандарттарға сәйкес өндірілген стратегия, миссияны қолдана отырып, мәртебелі мақсаттар мен міндеттер қояды. «Семей» медициналық колледж» мекемесінің стратегиясы ұйымның күшті және әлсіз жақтарын, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, орнықты дамуға бағытталған және адами капиталының дамуымен байланысты. Колледждің қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 ақпандағы №123 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – БДМБ) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 қазандағы №634 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталатын болады. Осы құжатты қалыптастырудың нормативтік базасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыттары болып табылады. Колледж қызметінің басымдықтары оқу орнының тұрақты дамуына, сапалы білім беру қызметін көрсету жауапкершілігін сезінуге, ТЖКБ қол

жетімділігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз етуге, елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, білім мазмұнын жаңартуға, «Рухани Жаңғыру» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салтының мәдениетін нығайтуға, колледж дамуының менеджменті мен мониторингін жетілдіруге, оқытушылар студенттер мен қызметкерлер үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау. Сапа, кәсіби қауіпсіздік және денсаулық саласындағы саясат жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес білім беру қызметін сапалы және уақытылы орындауға бағытталған колледж қызметінің жалпы стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

3. КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫ, ПАЙЫМДАУЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Колледж миссиясы: Мемлекеттің қолданыстағы, перспективалық талаптарына сәйкес медицина саласында білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау және колледж, қоғам, ел халқының денсаулығын нығайтуға бағытталған денсаулық сақтау жүйесі арасындағы әлеуметтік әріптестіктің тиімді моделін іске асыру.

Колледждің бірегейлігі білім беру және қайта даярлау стандарттарын өзгертумен қатар, орта медициналық қызметкерлердің құзыреттілігін кезең-кезеңмен кеңейту арқылы **тәжірибеге бағытталған** кәсіби медициналық білім берудің тиімді үлгісін құру болып табылады.

Колледждің пайымдауы: «Семей» медициналық колледж» мекемесі – Абай облысының үздік медициналық колледжі ретінде әлемдік білім беру кеңістігінде танылған инновациялық үлгідегі колледж.

Колледж миссиясын сараптау маңызды элементтерді бөлуге мүмкіндік береді:

1. Қызмет саласы – орта медициналық қызметкерлердің құзыреттілігін кеңейтуді ескере отырып, жоғары білікті мамандар даярлау;

2. Колледж қызметінің басты нәтижесі еңбек нарығының қажеттілігін қанағаттандыру;

XX ғасырда, жоспарлы экономика жағдайында түлектің мансаптық дамуының кепілі мемлекет болды. Нарықтық экономика жағдайында мансаптық дамудың барлық экономикалық тәуекелдерін түлектер өздері қабылдайды. Сондықтан да колледж, тез өзгертін әлем жағдайында барынша тиімді әрекет етуге қабілетті, жоғары деңгейдегі бейімделу және әлеуметтендіру мамандарын даярлауды мақсат етіп қояды.

3. Мекеменің қатысу саласы – «Семей» медициналық колледжі» мекемесі Абай облысы;

Колледж өзі үшін ең алдымен Абай облысына ықпал ету саласын анықтағандықтан, миссияны анықтау кезінде колледж басшылығымен аймақтың қажеттіліктері мен даму ерекшеліктері ескерілді.

4. Қандай мүдделерге қызмет етеді – ел мен өңірдің адам капиталын дамыту үшін жағдай жасау, жұмыс орындарын ұйымдастыру, жұмыссыздар санын азайту;

5. Өз миссиясын іске асыра отырып, колледж – болашақта және ағымдағы мақсаттарда тұрақты дамуды қамтамасыз ететін өз қызметіндегі стратегиялық басымдықтарды айқындайды. Бұл басымдықтар мен стратегиялық мақсаттар жыл сайын оқу жылына арналған колледждің жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде тұжырымдамалық негіз болып табылады.

Колледж стратегиясы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасындағы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталатын.

Миссия мен оны жүргізу негізінде колледж қызметінің **стратегиялық мақсаты анықталды:** оқыту мен оқытуда жаңа тәсілдерді енгізу негізінде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды кәсіби даярлау сапасын қамтамасыз ету.

Дамудың басым бағыттары болып табылады:

- ❖ жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес болу негізінде кәсіптік білім беру сапасын қамтамасыз ету;
- ❖ өңірдің еңбек нарығының нақты қажеттіліктеріне сәйкес кадрларды даярлау;
- ❖ қол жетімділікті, сапа мен тиімділікті қамтамасыз ететін білім беру ортасын дамыту;
- ❖ колледжді басқару жүйесін жетілдіру;
- ❖ ел мүддесінде жастардың әлеуетін дамыту және іске асыру;
- ❖ заманауи технологияларды, білім беру бағдарламаларын енгізу;
- ❖ дуальді және модульдік оқыту жүйесін дамыту

Бұл басымдықтар ҚР Денсаулық сақтауды дамыту басымдықтарымен келісіледі. 5 жылға арналған дамудың негізгі бағыттары мен перспективалары «Семей» медициналық колледжі» мекемесінің 2023-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарында қаланды.

ОӘЖ дамуының стратегиялық басымдықтары мен мақсаттарын анықтау кезінде кәсіби білім беруді дамытудағы мемлекеттің жалпы желісін және оның қоғамдағы рөлін көрсететін стратегиялық сипаттағы мынадай құжаттар пайдаланылды:

- ❖ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 02.09.2024 жылғы «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» Қазақстан халқына Жолдауы»;
- ❖ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- ❖ ҚР 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;
- ❖ Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- ❖ ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы;
- ❖ Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы;

Осылайша, миссия, пайымдау және стратегия колледждің Қазақстанның білім беру кеңістігіндегі орнын, ұлттық басымдықтармен үйлесімділігін, мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуын, сондай-ақ колледж стратегиясының бірегейлігі мен даралығын көрсетеді.

Стратегиялық бағыттар:

- ❖ ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жағдайында мамандар даярлаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- ❖ еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып кадрлар даярлау;
- ❖ оқытудың инновациялық технологияларын енгізу: дуальды жүйе, модульді бағдарламалар;
- ❖ әлеуметтік серіктестікті кеңейту, оқу үрдісінің траекториясын қалыптастыру бойынша жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас жасау, олардың кадрлар даярлау мәселелеріндегі сұраныстары мен қажеттіліктері;
- ❖ «Даму бағдарламасының орындалуын бақылау жүйесі».

Колледждің 2023-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына колледж жоспарлы және уақытылы түрде миссия, мақсат және міндеттер, стратегиялық жоспарлау сұрақтары, педагогикалық және әдістемелік кеңес шеңберінде қабылданатын шешімдердің орындалуына сәйкес, «Даму бағдарламасының орындалуын бақылау жүйесі» бөлімі енгізілген.

Заңдармен және нормативтік актілермен анықталған колледждің негізгі қызметтерінің бірі – кәсіби білім беру сапасын қамтамасыз ету болып табылады, ол инженерлік-педагогикалық кадрлармен әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға байланысты.

Колледждің оқу-әдістемелік жұмысы – бұл колледждің педагогикалық ұжымы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. ОӘЖ ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беруде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесіне сәйкес және колледждің оқу-әдістемелік жұмысының жыл сайынғы жоспары негізінде жүзеге асырылады.

«Семей» медициналық колледжі» мекемесінің оқу-әдістемелік жұмысы инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің әдістемелік даярлық сапасын арттыру арқылы, мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалар жүйесін анықтауға бағытталған.

Оқу-әдістемелік жұмыстың мақсаты – бұл маманның кәсіби даярлық сапасының көрсеткіштерін арттыруды қамтамасыз ететін жағдайлардың жиынтығын анықтау және жасау, оқытушылардың оқу-әдістемелік жұмысының деңгейін арттыру, оларды зерттеу жұмысына тарту, педагогикалық және зерттеу қызметін жетілдіру үдерісіне ИПЖ тарту, кәсіби шеберлік деңгейін арттыру, оқытушылардың және өндірістік оқыту басшыларының педагогикалық қызмет сапасын жетілдіруге технологиялық дайындығын қамтамасыз ету.

Мұндай тәсіл колледждің әдістемелік мәселесін қалыптастыруға мүмкіндік берді:

Әдістемелік мәселе – «Кәсіби құзыретті маман даярлау мақсатында заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кредиттік-модульдік білім беру процесінде оқытушылардың біліктілігін арттыру».

Гуманитарлық және жалпы білім беретін пәндер бірлестігінің тақырыбы:

«Инновациялық білім беру технологияларын енгізу арқылы білім алушы тұлғасын табысты дамыту үшін және педагогикалық шеберлікті жетілдіру арқылы білім беру үрдісінің сапасын арттыру».

Арнайы пәндер бірлестігінің тақырыбы:

«Оқыту үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу-білікті мамандарды табысты даярлаудың негізі».

Оқу-әдістемелік жұмыстың мақсаты – оқытушылар мен өндірістік оқыту басшыларының кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдай жасау.

Оқу-әдістемелік жұмыс – бұл үздіксіз білім беру, қарым-қатынас жасау, іскерлік шеберлік, танымдық, өмірлік мәселелерді шешудегі құзыреттілік. Бұл оқу-педагогикалық сауаттылыққа, педагогикалық интеллект мәдениетіне ие болу. Кәсіби құзыреттілікті арттыру өткізілетін іс-шаралар және оған колледж оқытушыларының қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

4. Қызмет бағыттары бойынша жұмыс жоспары

4.1. 2024-2025 оқу жылындағы колледж жұмысының ұйымдастыру



Ш.М. Абишева

№	Қаралатын мәселелердің, жұмыстардың атауы	Орындау мерзімі	Индикаторлар \ Соңғы нәтиже	Жауаптылар
1	Ұйымдастыру жұмысы	тамыз	хаттама	Абишева Ш.М.
2	Қызметкерлер штатын жинақтау	тамыз	бұйрық	Абишева Ш.М. Жүнісбекқызы Е.
3	2024 – 2025 оқу жылының кешенді жұмыс жоспарын бекіту және қабылдау комиссия жұмысының қорытындысы.	тамыз	хаттама	Абишева Ш.М. Жақашева Г.С. Тағабаева А.С.
4	Аттестаттаудан өтетін оқытушылармен нұсқау беру жиналысы	тамыз, қыркүйек	хаттама	Жасуланова А.Ж.
5	Жаңа қабылданған топтарды жинақтау	тамыз	бұйрық	Жүнісбекқызы Е.
6	Колледждің кешенді жұмыс жоспарына сай бөлімшелер бойынша жоспарлар құру құжаттар дайындау: - циклдік әдістемелік комиссиялар -әдістемелік кабинеттер; - кітапхана; -оқытушылардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары; -тәжірибеден өту кестесі; -мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысы: - басшының қатысуымен өткізілетін әкімшілік кеңес. -әкімшілік кеңес; -әдістемелік кеңес -педагогикалық кеңес -колледждегі ішкі бақылау.	қыркүйек	хаттама	Жақашева Г.С. Тортбаева Р.Б. Тағабаева А.С. Жасуланова А.Ж. Омарғалиева А.А. Айткешұлы С. Ерболат Ә.Е. Асқарбеков Қ.А. Айтбаева Г.Ш.
9	Бұйрықпен бөлімшелердің құрамын дайындау және бекіту - топ жетекшілерін; - ПЦҚ төрағаларын;	қыркүйек	бұйрық	Абишева Ш.М. Жақашева Г.С. Тортбаева Р.Б. Жүнісбекқызы Е.
10	SmartNation білім беру платформасына контенттерді	Оқу жылы бойы	хаттама	Абишева Ш.М. Жақашева Г.С.

11	Бекіту: -пәндік-циклдік комиссиялар жоспары; -пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларын; - күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар; - кітапхана жоспары; - оқытушылардың жеке жоспарлары.	10 қыркүйек ке дейін	жылдық жоспар	Абишева Ш.М. Жакашева Г.С. Тортбаева Р.Б. Жасуланова А.Ж Мусина С.В.
12	Оқу құжаттарын дайындау: - теориялық оқытуды есепке алу журналдары; - студенттік билеттері және үлгерім кітапшасы; - бітіруші топтар үшін жиынтық тізімдеме; - білім алушыларды ауыстыру жөнінде бұйрық; - білім алушыларды қабылдау жөнінде бұйрық; - тарифтеу; - 2НК.	қыркүйек	теориялық журнал, топ жетекшісінің журналы, студенттік билет, сынақ кітапшасы, бұйрықтар, облыстық білім бөліміне қажетті есептерді толтыру және өткізу	Абишева Ш.М. Жакашева Г.С. Тортбаева Р.Б. Жасуланова А.Ж Айткешұлы С. Омаргалиева А.А.
13	Журналдарды талапқа сай толтыру туралы нұсқаулық жүргізу, оқу-жоспарлау құжаттамасын жасау, бекіту	қыркүйек	ЖОМ хаттама	Жакашева Г.С. Жасуланова А.Ж Айтбаева Г.Ш.
14	Оқу практикасын ұйымдастыру	Оқу үрдісінің сызбасы на сәйкес	кесте	Жакашева Г.С. Тагабаева А.С.
15	Оқу-әдістемелік жұмыс. Оқыту сапасы мониторингі, тиімділігін арттыру.	Оқу жылы бойы	Хаттама, баяндама	Жакашева Г.С. Тортбаева Р.Б. Жасуланова А.Ж Омаргалиева А.А. Ерболат Ә.
16	Оқу мекемесінде оқу-тәрбие процесін бақылау.	Оқу жылы бойы	Жарты жылдық есебі, жылдық есеп	Жакашева Г.С. Тортбаева Р.Б. Айткешұлы С. Омаргалиева А.А.
17	Білім алушылар тұлғасын дамыту. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру.	Оқу жылы бойы	Баяндама	Тортбаева Р.Б.
18	Оқу-тәрбие процесін психологиялық педагогикалық қолдау	Оқу жылы бойы	тренинг	Колледж психологы
